

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ШЕТЕЛ МАМАНДАРЫ МЕН БІЛКІТІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫН ТАРТУ (ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ) МӘСЕЛЕЛЕРІ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 11 қаңтар N 59. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997.06.04. N 924 қаулысымен. ~P970924

Қазақстан Республикасының "Көшіп келу туралы" (21-бап) және "Халықты жұмыспен қамту туралы" (18-бап) заңдарын жұмыс күшінің келуін реттеу және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың шетел мамандары мен білікті жұмысшыларын тартуына (жұмысқа қабылдауына) лицензия беру жөнінен жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасына шетел мамандары мен білікті жұмысшыларын тартуға (жұмысқа қабылдауға) лицензия берудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған ереже және шетелден жұмыс күшін тартуға берілетін лицензия нысаны б е к і т і л с і н .

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілер меншік нысанына, қарастылығына және тіркелу орнына қарамастан, шетел жұмыс үшін Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаменттің лицензиясы бойынша ғана тартатын болып белгіленсін .

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментке:

шетелден жұмыс күшін тарту жөніндегі арыздарды қарау мен лицензиялар б е р у ;

шетел жұмыс күшін есепке алу олардың еңбек жағдайын реттейтін және лицензиялар мен басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарының шарттары орындалуын бақылау жөнінде жұмыстар ұйымдастыру;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің шетелден жұмыс күшін тартуының тиімділігіне сараптық зерттеу жүргізу жүктелсін.

4. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментке шетел жұмыс күшінің пайдаланылуы туралы жыл сайын (1 желтоқсанға) ақпарат ұсынып отырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерінен лицензия бергені үшін ақы алу және оны республикалық бюджетке есептеу тәртібін анықтасын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп, шетелден жұмыс күшін тарту туралы екіжақты үкіметаралық келісімдерге қол қою жөнінде шетел мемлекеттерінің құзырлы органдарымен консультациялар өткізетін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, шетел жұмыс күшін тіркеу және олардың жүріп-тұру режимін бақылауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Бас басқармасы шетел жұмыс күштерін келуіне белгіленген құжаты бар жағдайда және Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаменттің лицензиясы бойынша өткізілуін жүзеге асырсын.

9. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментпен бірлесіп, шетел жұмыс күшінің пайдаланылуы бойынша статистикалық есеп жүргізуді енгізсін.

10. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жыл сайын

жыл қорытындысы бойынша шетелден жұмыс күшін тарту жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ақпарат беріп тұрсын.

11. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР-інде шетелден, сондай-ақ басқа одақтас республикалардан жұмыс күшін қатыстыруды (жұмысқа қабылдауды) лицензиялаудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1991 жылғы 15 қазандағы N 606 қаулысының (Қазақ КСР ҚЖ, 1991 ж., N 23, 169-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 11 қаңтардағы

N 59 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасына шетел мамандары мен
білікті жұмысшыларын тартуға (жұмысқа қабылдауға)

лицензия берудің тәртібі туралы

Ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы аумағында шетел мамандары мен білікті жұмысшыларын (бұдан әрі - шетел жұмыс күші) тартуға (жұмысқа қабылдауға) лицензия берудің жалпы тәртібі мен шарттарын белгілейді, бұл меншік нысанына, қарастылығына және тіркелу орнына қарамастан, республиканың шаруашылық жүргізуші барлық субъектілері үшін міндетті бо л ы п с а н а л а д ы .

2. Шетел жұмыс күшін тартуға (жұмысқа қабылдауға) лицензия беру туралы республикалық шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арызы (өтініші) бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментте (бұдан әрі - Халықтың көші-қон департаменті) және облыстардағы көші-қоны қызметтерінде қаралады.

3. Шетел жұмыс күшін тартуға лицензия беру туралы мәселені қарау үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментке (тікелей немесе почта арқылы) мынадай құжаттар:

белгіленген нысан бойынша толтырылған бес дана лицензия;
шетелдік әріптестермен жасасқан контрактының көшірмесін немесе шетелден жұмыс күшін тарту шарттары жөніндегі басқа құжаттарды (қазақ және орыс т і л д е р і н д е) ;

шетелден жұмыс күшін тартудың тиімділігі жөнінде Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментке облыстардың, қалалардың және аудандардың әкімдерімен, салалық министрліктермен, ведомстволармен және облыстардың, Алматы қаласының еңбек және жұмыспен қамту Бас басқармаларымен (комитеттерімен) келісілген үндеу-хат;

шетел жұмыс күшінің денсаулық жағдайы туралы медициналық куәландыру ұ с ы н а д ы .

4. Шетелден жұмыс күшін тартуға лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді Халықтың көші-қоны жөніндегі департамент құжаттар келіп түскеннен кейін 15 күннен кешіктірмей қабылдайды.

Лицензия беру (бас тарту) кезінде:
халықты жұмыспен қамту деңгейі;

шетелден жұмыс күшін тартатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің орналасқан аудандарында еңбек ресурстарының қолда бар резерві;

к а д р л а р м е н қ а м т ы л у ы ;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарауындағы нақтылы жұмыс күшін

тиімді пайдалануы (еңбек өнімділігі, кадрлардың тұрақтамауы, жұмыс уақытының өнімсіз ысырабы т.б.);

жұмыс күшінің қандай мақсаттарға тартылатыны; шаруашылық жүргізуші субъектілердің дамудың қай сатысында тұрғаны, өндіріс көлемін арттырғаны немесе қысқартқаны ескеріледі.

Лицензия беруден бас тарту туралы шешім өтінушіге жазбаша түрде жолданады және бұған заңда белгіленген тәртіп бойынша шағым жасауға болады .

5. Лицензия бес дана болып ресімделеді. Лицензиялардың бір-бір данасы Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Бас басқармасына, қызмет көрсететін банкке, Ішкі істер органдарына және шаруашылық жүргізуші субъектіге беріледі .

Лицензияның бір данасы Халықтың көші-қоны жөніндегі департаментте қалады .

6. Лицензияны басқа заңды немесе жеке тұлғаларға беруге болмайды.

Лицензия шетел жұмыс күшін Қазақстан Республикасының аумағына кіргізуге виза беру үшін негіз болып табылады.

7. Лицензия 3 айдан бір жылға дейінгі мерзімге беріледі. Шаруашылық жүргізуші субъектінің дәлелді өтініші бойынша лицензия осындай мерзімге ұзартылады немесе жойылады .

8. Лицензия ресімдеу мен беруге байланысты шығыстарды төлеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Еңбек министрлігі бірлесіп белгілеген тариф пен тәртіп бойынша жүргізіледі.

9. Жұмысқа тартылған шетел жұмысшысының жасы 25-тен кіші болмауға тиіс .

10. Лицензия күшінің мерзімі біткеннен кейін шаруашылық жүргізуші субъектілер шетел жұмыс күшінің тұрақты тұратын жерлеріне қайтуын қамтамасыз етуге тиіс .

11. Халықтың көші-қоны жөніндегі департаменттің: шаруашылық жүргізуші субъектілерден лицензия беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат сұратуға; шетел жұмыс күшінің еңбек жағдайын, тұрмысын, демалуын және тиімді пайдалануын тексеруге,

егер :

а) контракт шарттарының бұзылуы орын алса;

б) лицензия күшінің мерзімі аяқталса;

в) шетел жұмысшылары Қазақстан Республикасының заңдарын бұзса, шаруашылық жүргізуші субъектілерге шетел жұмыс күшін тартуға берілген лицензиясын тоқтатуға немесе жоюға құқықтары бар.

12. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органдары Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қоны департаментінің ұсынысы бойынша шетел жұмыс күшін республика аумағынан а л ы с т а й а л а д ы .

Келіп-кетуге уақытша жабық аудандарға немесе шекара аймағына шет ел жұмыс күшінің келуі тек ішкі істер органдарының рұқсатымен ғана жүзеге а с ы р ы л а д ы .

13. Шетел жұмыс күшін заңсыз жұмысқа тартқаны үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер, сондай-ақ лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 11 қаңтардағы
N 59 қаулысымен
Бекітілген
(Кесте)